



«БЕЙБІТШІЛІК ӘЛЕМ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТВОРЧЕСТВОЛЫҚ БІРЛІСТЕРІ  
МЕЖДУНАРОДНОЕ КАЗАХСКОЕ ТВОРЧЕСКОЕ ОБЪЕДИНЕНИЕ «БЕЙБІТШІЛІК ӘЛЕМ»  
(Планета Мира-World of Peace) INTERNATIONAL KAZAKH CREATIVE ASSOCIATION

## «ФЫЛЫМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ»

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы, Алматы қаласының 1000 жылдығы қарсаңында өткен «Қоғамдық өмірдің барлық саласында үлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті, рухани - адамгершілік мүмкіндігі мол тұлға қалыптастыру» атты мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы, Алматы қаласының 1000 жылдығы қарсаңында өткен «Рухани – адамгершілік тәрбие» атты оқушылардың ғылыми – танымдық конференциясы материалдары

Алматы-Есік 22.10.2016 жыл.

Алматы-Құлан 19.11.2016 жыл.

## МАЗМҰНЫ

НУРМАНОВ ӘБЕН (ӘБДІЛ) АЛДАБЕРГЕНҰЛЫ .....	3
Г.С.ЖОШЫБАЕВА .....	4
Нусипова Н.М .....	8
Жакипбекова Мария Турсуновна .....	11
Жошыбаева Салтанат Сағатқызы .....	13
Бурабаева Бағдат Тұрсынқызы .....	16
Казиханова Айгул Багитжановна .....	19
М.Аубакирова .....	21
Усеинов Анвар Билялович .....	24
Старцева Ирина Анатольевна .....	25
Амрина Айгүль Ержановна .....	28
Кантомирова Евгения Евгеньевна .....	30
Ягуткина Светлана Николаевна .....	33
Гладышко Наталья Анатольевна .....	35
Мусина Гульнар Байзуллаевна .....	38
Марткова Галина Вениаминовна .....	40
Лиясова А.А., Орынбаева Э.Е. ....	42
Жанар Дүйсембиқызы Булекбаева .....	45
Кенжегулова Н.М. ....	47
Айсара Досжанова .....	49
Нусипова Зиба Айткуловна .....	51
Усенбаева Загира Усенбаевна .....	53
М.О. Маханова .....	56
Секербекова Г.Ж. ....	58
Жартыбаева Г.К. ....	60
Байшетова А.А. ....	62
Аманкулов А.Т. ....	65
Сулейменова Гульбану Ганиевна .....	67
Рамазанова .....	70
Секербеков Ф.С. ....	73
Тілеубергенова Шынар Слабекқызы .....	75
Калиаскарова Каламкас Калибековна .....	80
Қыдыралиева Айымқызы Құдагелдіқызы .....	84
Омаркулова Б.К. ....	87
Курмангалиева Куралай Женисовна .....	89
Байгапалова С.М. ....	92
Дауытова Гульбостан Ауытовна .....	94
Далдабаева Р.К. ....	96
Камрадинова Б.Д. ....	100
Р.Ш.Баекеева .....	102
К.Т.Шаңбаева .....	104
Д.М.Есімжанова .....	105
Қазиева Қ.Ж. ....	108
Баймуханова С.А. ....	111
Серікбаева Нұргул Даuletбаковна .....	115
Жайлаубаева А.А. ....	119
Молдасинова Л.М. ....	121
Шаймерденова Кадиша Калиевна .....	123
Сабитова Зарина Жолалдиновна .....	126

гуманизма, совести, чести, долга, товарищества, доброты; формированию нравственного поведения и воспитания гражданина и патриота своей Родины; формированию умения давать нравственную оценку происходящего в окружающем мире и предпринимать шаги для его позитивного изменения.

Подведу итог словами великого философа Востока Аль-Фараби, который еще тысячу лет назад писал, что «Знание без воспитания - катастрофа для человечества».

*Лиясова А.А., Орынбаева Э.Е.*

## **ОҚУШЫЛАРДЫ КӘСІБИ БАҒДАРЛАУДА РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Басты мақсат -әр адамның өз орнын табуға ықпал ету*

*Сократ.*

Казіргі таңда тұлектердің алған кәсібі бойынша жұмыс жасамауы және жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесі жоғары сыйып оқушыларының кәсіп таңдаудағы немікүрайлығынан немесе кәсіби бағдар беру жұмысының жеткілікті түрде жүргізілмеуінен туындал отыр. Сәйкесінше, бұл мәселе оқушыларға болашақ мамандық түрін дұрыс таңдауда кәсіби кеңес беруді талап етуде. Сол себепті, «жоғары сыйып оқушыларын кәсіби бағдарлауда психологиялық кеңестің ерекшеліктері» тақырыбы мемлекет пен қоғам үшін өзекті.

Болашакта ел тұтқасын ұстайтын азаматтардың болашақ мамандығын анықтауға бағыт-бағдар беру - бұтінгі күн тәртібінде тұрган маңызды мәселенің бірі. ҚР Президентінің Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «әр оқушының білімі мен қабілеті деңгейінің тиімділігін бағалаудың біртұтас жүйесін жасау керек» деп көрсетілген. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі ретінде көрсетілген. Оны шешуге мектеп педагог-психологияның қосатын үлесі өте үлкен. Өйткені, жеке тұлғаның барлық қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашып, оларды салауатты өмір салтына үйретіп, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін жоғары сыйып оқушыларының психологиялық даму ерекшеліктерін ескере отырып, олардың болашақ мамандығын саналы түрде таңдал алуына мектеп педагог-психологы көмек көрсетуі керек.

Казіргі таңда мемлекеттің басты проблемаларының бірі - бұл білім, сол білімді сапалы менгеру үшін мектеп кезеңінен бастап кәсіптік бағдар жұмыстарының жүргізілуі, яғни оқушылардың кәсіптік бағдары. Мектеп бітіруші оқушылардың мамандық таңдауы олардың басты мәселесі. Оның мамандықты дұрыс таңдауы қоғамға да, өзіне үлкен пайда келтірмек.

Кәсіптік бағдар көптеген сұрақтарды қамтиды, соның ішінде: әлеуметтік, экономикалық, құқықтық, педагогикалық-психологиялық, медициналық, физиологиялық және танымдық сұрақтарды қамтиды. Мамандықты дұрыс таңдамау, кәсіптік бағдар жұмыстарының бүрмалануынан оқушылар мамандықтан жалыға бастайды. Бұл өзінің таңдаған мамандығына қанағаттанбауынан, мамандықты, жұмыс орнын ауыстыруына әкеліп согады, жұмыстың ауысуы, жұмысшыны кайта даярлау - бұл мемлекеттің, кәсіпорындардың және оның өзіне экономикалық шығынға алып келеді. Кәсіптік бағдар жұмыстарының ғылыми әдістемелік негізі П.Р. Атутов, С.Я. Батышев, М.Н. Махмудов, Г.А. Уманов еңбектерінде кәсіптік бағдардың базасы, кәсіптік білім мен жалпы білім беруді біріктіру мәселелерін қарастырады.

А.Д. Сазонов, В.Д. Симоненко, В.С. Аванесов, Б.И. Бухвалов еңбектерінде кәсіптік оқу, еңбек процесіндегі оқушылардың кәсіптік бағдарының теориялық негіздері келтірілген.

Н.Н. Захаров еңбегінде мектеп оқушыларының кәсіптік бағдар жұмысының тәжірибесі және кәсіптік бағдар жұмыстарының медико-биологиялық, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік экономикалық аспектілері нақты көрініс табады.

Мамандыққа бағдар беру жұмысында әр балаға өзінің психологиялық ерекшеліктерін анықтап, барлық жұмысқа қажетті ашық-жарқындық, сыйысымдылық, адамгершілік, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың мәні өте терең. Мектептерде психологиялық қызмет ұйымдастырылуына байланысты барлық оқушылардың жеке-даралық психологиялық